

Астана қаласы әкімдігінің
«№ 2 өнер мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Тақырыбы:
«Киімді көркемдеп үлгілеу»
(оқу бағдарламасы)

«Көркемөнер және киімді көркемдеп үлгілеу» бөлімі: Костюм композициясы,
ТБТ, ТБК

Педагог: **Халиева И.Р**

Астана қаласы



Мазмұны:

1. Кіріспе -----	3
2. Бағдарлама мазмұны-----	5
0 сынып	
1 сынып	
2 сынып	
3 сынып	
4 сынып	
5 сынып	
5. Үлгерім бақылауы-----	86
6. Емтихан талаптары-----	86
7. Күтілетін нәтиже-----	86
8. Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету-----	87
9. Қорытынды-----	88
10. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі-----	89

Кіріспе

Мақсаты: Әр түрлі стильде ұлттық ою-өрнектерін қолдана отырып, киім үлгілерін салуды үйрету және оның түсті гаммасы жайлы түсінік беру. Оқушыларды киімнің әр бөлшектерін тігілу техникасы, тігістің түрлерімен таныстыру, тігуге қол икемдерін жаттықтыру.

Міндеттері:

- оқушыларды сурет салудың техникаларымен таныстыру;
- киім дизайндағы заңдылықтарын дұрыс меңгеруге үйрету. киім дизайны бойынша фантазиямен сурет салу;
- киім дизайны саласы бойынша оқушылардың моделдерді сурет салу қабілеттерін дамыту, шығармашылық ойлауды арттыру рухани
- тәрбиесі жоғары деңгейде қалыптасқан креативті тұлға тәрбиелеу; ұлттық өнерді насихаттай алатын ұлтжанды ұрпақ етіп тәрбиелеу.

Қазіргі таңда егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіне елеулі өзгерістер енгізіп, мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттерінің негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Оқу барысында оқушылар тақырып бойынша тәжірибелік жұмысты орындайды. Берілген сәндік бағыттағы киім модельдерін қарау. Әртүрлі стильдік шешімдегі бұйымдарды анықтау және олардың композициялық құрылысын талдау. Берілген сәндік бағыттары киімнің әрбір стильдік шешімімен сипаттайтын элементтерді анықтау.

Берілген сәндік бағытқа сәйкес әртүрлі стильді киім модельдерінің эскизін даярлау.

Қазіргі заман талабына сай жасалған матаға, киімге шаруашылық және тұрмыстық тауарларға сұраныс көп. Қазіргі таңда киімдердің сапасы, ұлттық дәстүрді сақтау үшін техникалық және эстетикалық деңгейі жоғары, төзімді, шыдамды киімдер өндірілуі қажет. Қазіргі заман талабы, қазақ халқының ежелгі ұлттық дәстүрлік сипатын сақтау үшін техникалық, ұлттық үлгідегі өрнектерін сақтай отырып, жаңа бағытқа сай, сән әлеміндегі үлгілерге қарай түрлендіріп, бұйымдар тігу. Сондықтан да қазіргі жаңа – тігін бұйымдарының конструкциясы мен технологиясын және үлгілерін айтарлықтай жақсарту қажет. Педагог оқушылардың өз қиялдарымен қазіргі замандағы моданың тенденцияларына сәйкес сурет салуына аса назар аударуы қажет: қарындашты ұштау, өшіргіштің сапасы, субояу мен гуашты қолдануды, планшетты ватманмен тартуды. Композиция пәнінің заңдылықтарын меңгеруді, сызықтық, сызықтық және дақтық, дақтық, метр, геометриялық денелерден, өсімдіктерден, жануарлардан, заттардан,

штрихтармен, сызықтық перспективасы және парақ бетіне суреттің дұрыс орналасуына назар аудару қажет.

Оқу барысында оқушылардың белсенділіктерін ұйымдастыратын мынандай насындар қолдану керек: тігін өндірісіне экскурсияға бару, көркемөнерпаз көрмесіне бару, мұражайларға, сән үйлерге бару.

Киім дизайны бөлімінде 4-5 жыл оқиды. Топта оқушылардың сандық құрамы орташа есеппен 8-12 адам болуы керек. Тек дефиле сабағы мектеп бітірушінің қорғау тақырыбына байланысты 3,4-сыныпта топтық сабақ түрінде өтеді және матамен жұмыс сабағы 0,1,2,3- сыныптарда топтық, 4-сыныпта әр оқушымен жеке жүргізіледі. Сыныпта суретке қабілеті және жас ерекшелігі әртүрлі оқушылар оқытылады. Екі деңгейлі оқу түрі педагогиканың қазіргі талаптарына сай келеді және әр оқушының шығармашылық талабын толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді

I деңгей – академиялық, әуесқойлық даму (киім дизайнды меңгергісі келетін қабілетті балалар үшін);

II деңгей – кәсіби даму (киім дизайнды білімді жалғастырғысы келетін қабілетті балалар үшін).

Бірінші деңгейдің міндеттері: киім дизайны тарихымен, Қазақстан өнері және костюмдер стильдерімен, танымал дизайнерлермен балаларды түсінікті жеңілдетілген нұсқасымен таныстыру.

Екінші деңгей бойынша бастауыш киім дизайны білім алғысы келетін оқушылар оқиды. Балалардың қабілеттері оқу барысында айқындалады. Осы деңгейде білім алатын балалар өз мүмкіндіктеріне сай 4 (5) жылдық киім дизайны бөлімінің толық курсынан өтеді. Бұл деңгей аса күрделі емес нобайларды, суреттерді және заттарды алайда орындалуға тиісті. Сабақта тігістерді бірден үйренуге, адамның тұлғасына сай нобайларды дұрыс салуға, әйгілі дизайнерлерді білуге көп көңіл бөлінеді.

Киім дизайны бөлімінің тақырыптық оқу жоспары

Киім дизайны сыныптары

Оқу мерзімі: 4-5 жыл

№	Арнайы пәндер	Сыныптар					
		0	I	II	III	IV	V
		Аптадағы сағат саны					
1.	Тігін бұйымының технологиясы	1	2	3	2	2	2
2.	Тігін бұйымының конструкциясы	1	2	2	2	2	1
3.	Композиция негіздері	1	2	-	-	-	-
4.	Костюм композициясы	-	-	3	3	3	2
5.	Стилистика	-	1	1	1	1	-
6.	Матамен жұмыс	-	1	1	2	2	-
7.	Киім тарихы	-	1	1	-	-	-
8.	Қазақ костюмдерінің тарихы	-	-	-	1	1	-
9.	Дефиле	-	-	-	1	1	-
10.	Сурет	1	2	2	-	-	2
11.	Кескіндеме	-	-	-	1	1	2
12.	Таңдау бойынша пән	-	1	1	1	1	1
	Барлығы:	4	12	14	14	14	10

Бағдарлама мазмұны

Тоқыма материалдардың қасиеттері және құрылымы бойынша дайындалған жаңа бұйымдар, қазіргі заманғы химиялық талшықтар мен жіптерді, жоғарғы сапалы бояуларды және әрлеуіш химиялық материалдарды қолдану арқасында жасалынады.

Қазіргі уақытта дизайнерлерге тігін бұйымдарына негізгі материалдарды таңдау және оларды ұтымды қолдану өте маңызды. Осыған байланысты, оқу барысында оқушылар материалдардың қасиеттерін, сапасын, құрылысын және ассортиментін таңып білу керек.

Тігін бұйымдарының технология – пәні бойынша жүргізілетін жұмыстың тәртібі:

1. модельдің эскизімен мұқият танысу
2. эскизбен сәйкес келуі үшін алдыңғы және артқы бойдың қай тұстарын, сызбаның қай бөліктерін өзгерту керектігін анықтау
3. фасондық сызықтар енгізу
4. пішімдерді қию

5. киім бөлшектерінің тігілу технологиялық схемасын сызып, схема арқылы тігу.

Оқытушы әрбір сабақтың алдында нақты оқу міндеттерін қоюы қажет: тапсырманың мазмұнын, сипатын, оның ерекшеліктерін, тәсілдері мен сурет салудың бірізділігін түсіндіруі қажет. Сабақ үстінде әдістемелік құралдар мен оқушылардың жұмыстарының үлгілерін көрсетуі қажет.

Киімді модельдеу – жаңа модельдегі киімдерді шығару, жаңа пішімдерді ойлап табу, бұрынғы киімдерге конструкциялық және әшекейлік сызықтар енгізіп өзгерту.

Конструкциялық сызықтар – бөлшектің негізгі пішімін жасайтын және бұйым бөлшектерін (бүйір, алдыңғы бой, бел, иықтық тігісі, артқы бой ортаңғы тігісі, жең, бүкпе, т.б.) қосатын сызық болып табылады.

Киім құрастырмасы бұрын, сәнді үлгідегі киім жинағымен танысу керек. Киімнің түр жиынтығы бірнеше топтардан тұрады. Киім құрастыру оның сызбасымен пішуіліне тығыз байланысты.

Тігін бұйымдарының конструкциясы пәні бойынша жасалатын жұмыстың тәртібі:

1. тігін машиналар және станоктардың жобасымен танысу;
2. сантиметрлік таспамен өлшеп алу;
3. формулалар бойынша киімнің негізгі сызбасын есептеу;
4. конструкциясын құрастыру;
5. киімді модельдеу;
6. лекаласын дайындау.

«Киім дизайны» бөлімінде оқитын оқушыларға киімге таңдалған материалдарды ондегенде, бұйымдарды дайындау кезінде материал қасиеттерінің өзгеруін білу қажет. Тігін бұйымдарың жасау үдерісі нобайдан басталып, бұйым сызбасын және тігу технологиясын дайындауға дейін көптеген күрделі жолдардан өтеді. Сондықтан киімнің үлгісінің эскизін дайындағанда материалдардың эстетикалық қасиеті, сән бағытымен дұрыс таңдалып қана қоймай, нақты киім силуэтін жасауды қамтамасыз ететін қасиеттерімен, киімді құрастырудың қазіргі уақыттағы дайындау технологиясының мүмкіншіліктеріне өте көп әсер етеді.

Күтілетін нәтиже.

Даярлық топтың оқушылары оқу жылының соңында

- Қауіпсіздік ережелері;
- Дизайн туралы түсінік;
- Қол тігістерінің орындалуын және оның терминдерін;
- Эскиз салу, пропорция;
- Киім тарихын;
- Стилль түрлерін білуі тиіс.

1 жылдың соңында :

- Өлшем алуды;
- Тігін машинасының тігістердің орындалуын және терминдерін;

- Тігін машинасының түрлерін;
- Қол тігістерін, кесте түрлерін;
- Стилль түрлерін;
- Киімде пайдаланатын пішім түрлерін;
- Белдемшені пішуді;
- Киімнің жеңіл эскизін салуды;

2 жылдың соңында :

- Дизайндың алгоритмдік түрлерін;
- Нақты силуэттер;
- Киімді модельдеу;
- Белдемшені құрастыру;
- Өлшемді алу;
- Жеңіл көйлекті тігу технологиясы және бөлшектерді құрастыру
- шаблон үлгілерін дайындауды;
- технологиялық карталармен жұмыс істей білуі тиіс

3 жылдың соңында :

- Киім тарихын;
- Киімнің стилін, шаштың үйлесуін, макияж жасауды;
- Киімді жобалауды;
- Иық бұйымдарының сызбасын;
- Женнің техникалық моделін;
- Ылғалды –жылулықпен өндеуді;
- Женнің технологиялық сызбасын;
- Киімнің дизайның білуі тиіс;

4 жылдың соңында :

- Түстердің үйлесімділігін;
- Шығармашылық тақырыпты өз еркімен таңдауды;
- Теориялық білімдерін практикада қолдана білуі;
- Шығармашылық жұмысын қорғауы тиіс.

Кәсіби даярлық соңында :

- Арнайы сурет
- Киім тарихын
- Эскиз салуды

Матамен жұмыс пәні бойынша типтік оқу бағдарламасы Түсініктеме

Тоқыма материалдардың қасиеттері және құрылымы бойынша дайындалған жаңа бұйымдар, қазіргі заманғы химиялық талшықтар мен жіптерді, жоғарғы сапалы бояуларды және әрлеуіш химиялық материалдарды қолдану арқасында жасалынады.

Қазіргі уақытта дизайнерлерге тігін бұйымдарына негізгі материалдарды таңдау және оларды ұтымды қолдану өте маңызды. Осыған байланысты, оқу барысында оқушылар материалдардың қасиеттерін, сапасын, құрылысын және ассортиментін таңып білу керек.

Оқу- тақырыптық жоспар

Оқу аптасының саны – 34

Апталық сағат саны – 1

Жылдық сағат саны – 68

№	Матамен жұмыс.	Сарамандық жұмыс	Сағат саны.	Мерзімі.
	Тақырыбы: 1-сынып.			
	I Жартыжылдық		16 сағат	
1.	Кіріспе. Талшықтардың құрамы мен қасиеттері	Талшықтарды зерттеу.	2.	
2.	Тоқыма талшықтары.	Талшықтар туралы жалпы мағлұмат.	2.	
3.	Маталарды алу тәсілдері. Жіп иіру жөнінде жалпы мағлұмат.	Иірілген жіптермен жіптердің топтасуы. Иірілген жіптермен жіптердің ахаулары. Палатнолық айкаспа.	2.	
4.	Тоқыманың айкаспа түрлері. Қарапайым айкаспалар. Саржалық айкаспа. Бес жіптік атластық айкаспа. Бес жіптік сәтендік айкаспа.	Күшейтілген саржа (2)- саржалық айкаспа.	2.	
5.	Көлденең репс. Рогожка.	Лентамен жұмыс	2.	
6.	Бойлық репс. Құрама айкаспа.	Лентамен жұмыс	2.	
7.	Крептік айкаспа.	Лентамен жұмыс	2.	
8.	Матаның шығу тарихы.	Мата түрлерімен танысу. Матаның түрлерін зерттеу.	2.	
9.	Тест сұраққа жауап.			

№	II Жартыжылдық		18 сағат	Мерзімі.
1.	Матаның қасиеттері. Маталардың ассортименті.	Зертханалық жұмыс.	2.	
2.	Төсек көйлекті пішу.	Алдыңғы бой. Атрқы бой.	2.	
3.	Машинамен жұмыс.	Тігу.	2.	
4.	Біріктіріп тігу.	Тігу.	1.	

5.	Былғары бей мата. Былғары бей мата. Талшықтардың топтастыруы.	Матаның физикалық механикалық қасиеттері. Қолданбалы маталардың қасиеттері	1.	
6.	Нәрестенің жейдесі.	Алдыңғы бой.	1.	
7.	Нәрестенің жейдесін тігу	Артқы бой.	1.	
8.	Нәрестенің бас киімі.	Тігу.	1.	
9.	Бас киімді қиып алу.	Матамен жұмыс.	1.	
10.	Нәрестенің көкірекшесін тігу.	Тігу.	1.	
11.	Біріктіріп көктеу.	Тігу.	1.	
12.	Қиып алу.	Тігу.	1.	
13.	Пішіп қиып алу.	Тігу.	1.	
14.	ЫЖӨ- ылғалды жылумен өңдеу.	Аяқтау.	1.	
15.	Қорытынды.	Тест.	1.	
	Емтихан. Көрме.			

Бағдарлама мазмұны

Сабақтың тақырыбы: Кіріспе.

Оқушыларды жаңа сабақпен толығымен таныстыру. Матамен жұмыс туралы түсіндіру.

1. 2-3-4 Талшықтарды зерттеу.

Тоқыма талшықтары туралы жалпы мағлұмат.

2. Маталарды алу тәсілдері. Жіп иіру жөнінде жалпы мағлұмат беру оқушыларға.

3. Тоқыманың айқаспа түрлері. Қарапайым айқаспалар. Саржалық айқаспа. Бес жіптік атластық айқаспа. Бес жіптік сәтендік айқаспа.

4. Былғары бей мата. Талшықтардың топтастыруы. Матаның физикалық механикалық қасиеттері. Қолданбалы маталардың қасиеттері.

5.Төсек көйлекті пішу. Мойын ойындысын қию.

Алдыңғы артқы бөлікті өңдеу. Машинамен жұмыс.

5. Нәрестенің жейдесін тігу. Алдыңғы артқы бой. Нәрестенің бас киімі.Нәрестенің көкірекшесін тігу. Пішу,тігу.

№	Матамен жұмыс. Тақырыбы: 2-сынып.	Сарамандық жұмыс	Сағат саны.	Мерзімі.
	I Жартыжылдық		16-сағат	
1	Мата жіптің тоқылу түрлері.	Матаның ассортименті .	2	
2	Талшық жіптердің қасиеттері .	Талшықтардың модульдік схемасы.	1	
3	Өсімдік мал, минералды түрлері.	Зығыр талшықтар.	1	
4	Мата талшықтары.	Мата жіптермен жіптердің ахаулары.	1	
5	Жүнмен таза бозжібектің түрлері.	Мата құрамының көрінісі.	1	
6	Маталардың салыстырмалы түрлері	Матаның қалыңдығын енін, созылмалылығын тексеру.	1	

7	Матаның оң-теріс жақтарын білу.	Матамен жұмыс.	1	
8	Матаның түр түсімен танысу.	Матаны зерттеу.	1	
9	Қалың полотнолы матаның түрі.	Қалың полотнолы матаның қалыңдығы	1	
10	Қалың полотнолы матаның созылмалылығы	Қалың полотнолы матаның түр-түсі.	1	
11	Матамен жұмыс.	Мата түрлерімен танысу.	1	
12	Матаның түрлерін зерттеу	Матаны зерттеу.	1	
13	Зертханалық жұмыс.	Матаның шығу тарихы.	1	
14	Матаның қасиеттері.	Маталардың ассортименті.	1	
15	Матамен жұмыс.	Қорытынды.	1	
	II Жартыжылдық		18-сағат	Мерзімі.
1	Былғары бей мата. Матаның физикалық механикалық қасиеттері	Қолданбалы маталардың қасиеттері	1	
2	Салтанатты сән стильіне арналған киім үлгісін модельдеу.	44-өдшем бойынша жұмыс.	1	
3	Алдыңғы бөлікті өңдеу.	Мойын ойындысын кию.	2	
4	Артқы бөлікті өңдеу.	Өлшем алу.	2	
5	Машинаға қалай отыру керек.	Машинамен жұмыс.	2	
6	Аверлог машинамен жұмыс.	Матамен жұмыс. Біріктіріп көктеу.	2	
7	Қынамалы көкірекшесін тігу.	Тігу.	2	
8	ЫЖӨ- ылғалды жылумен өңдеу.	Тігу.	2	
9	Матамен жұмыс.	Жұмысты аяқтау	2	
10	Матамен жұмыс.	Қорытынды.	2	

Бағдарлама мазмұны

Сабақтың тақырыбы: Кіріспе.Былғары бей мата.

Қолданбалы маталардың қасиеттерін түсіндіру.. Матаның физикалық механикалық қасиеттерін айту.

Сабақтың тақырыбы: Салтанатты сән стильіне арналған киім үлгісін модельдеу.Таңдалған модель бойынша жұмыс,44-өлшем бойынша.

Алдыңғы артқы бөлікті өңдеу. Өлшем алу.Матамен жұмыс жасау.

Сабақтың тақырыбы: Қынамалы көкірекшесін тігу. Оверлог машинамен жұмыс. Машинаға қалай отыру, ЫЖӨ- ылғалды жылумен өңдеу.Тігу

№	Матамен жұмыс. Тақырыбы: 3-сынып.	Сарамандық жұмыс	Сағат саны	Мерзімі.
	I-тоқсан		16 сағат	
1	Кіріспе.	Фантазиялық стильде киім үлгісін дайындау.	2	
2	44-Өлшем бірліктері бойынша жұмыс.	Өлшем алу.	2	

3	Алдыңғы бөлікті өңдеу.	Лекала дайындау.	2	
4	Артқы бөлікті өңдеу. .	Лекала дайындау.	2	
5	Мойын ойындысын қию..	Лекала дайындау.	2	
6	Женді қиюға дайындау.	Қию	2	
7	Матамен жұмыс.	Жұмысты аяқтау.	2	
8	Дайындау.	Қорытынды.	2	
	II-тоқсан		16 сағат	
1	Мата түрлерін таңдау.	Маталардың ассортименті.	2	
2	Мата түсін таңдау	Мата үйлесімділіктері	2	
3	Мата өрнегін, енін, ұзындығын таңдау	Матаны экономдауды үйрену.	2	
4	Лекала дайындау.	Дайындау.	2	
5	Матаны пішуге дайындау	Пішу.	2	
6	Шаблон дайындау.	Лекала дайындау.	2	
7	Дайындау.	Жұмысты аяқтау.	2	
8	Қорытынды.	Тест сұраққа жауап	2	
	III-тоқсан		20 сағат	
1	Матамен жұмыс.	Лекала дайындау.	2	
2	Таңдалған модель бойынша жұмыс.	Машинамен жұмыс.	2	
3	Фантазиялық стильде киім үлгісін дайындау.	Дайындау.	2	
4	Дайын үлгімен, матаны пішу.	Пішу.Матаны қию.	2	
5	Жұмыс процесі	Пішу.Матаны қию.	2	
6	Кезеңмен жұмыс жасау.	Пішу.Матаны қию.	2	
7	Қателіктерін түзеу.	Пішу.Матаны қию.	2	
8	Машинамен жұмыс.	Пішу.Матаны қию.	2	
9	Машинаға отыру.	Жұмысты аяқтау.	2	
10	Машинамен жұмыс.	Қорытынды.	2	
	IV-тоқсан		16 сағат	
1	Аверлог машинамен жұмыс.	Аверлог машинасын дұрыс сабақтауды меңгеру.	2	
2	Матамен жұмыс. Біріктіріп көктеу.	Жұмыстарды аяқтау.	2	
3	Дайын бұйымды безендіру.	Безендіру.	2	
4	Кестелеу.	Безендіру.	2	
5	Моншақпен әшекейлеу.	Безендіру.	2	
6	Тігу.	Тігу.Матамен жұмыс жасау.	2	
7	Қынамалы көкірекшесін тігу.	ЫЖӨ- ылғалды жылумен өңдеу.	2	
8	Жұмыстарды аяқтау.	Қорытынды	2	

Бағдарлама мазмұны

Сабақтың тақырыбы: Кіріспе.Фантазиялық стильде киім үлгісін дайындау. Алдыңғы артқы бөлікті өңдеу. Өлшем алу.

Лекала дайындау. Шаблон дайындау. Пішу. Машинамен жұмыс.

Сабақтың тақырыбы:Мойын ойындысы. Өлшем алып,мата бетіне түсіру керек.

Сабақтың тақырыбы:Шаблонмен жұмыс. Мата түрлерін таңдау,мата өрнегін, енін, ұзындығын таңдау керек жәнелекала дайындауды көрсету. Матаны пішуге дайындау.

Сабақтың тақырыбы:Фантазиялық стильде киім үлгісі.Дайын үлгіні мата бетіне түсіру. Пішу. Машинамен жұмыс жасау,машинаға отыру тігу.

Матамен жұмыс 4 сынып

№	Матамен жұмыс. Тақырыбы: 4-сынып.	Сарамандық жұмыс	Сағат саны	Мерзімі.
	I-тоқсан		16 сағат	
1	Кіріспе.	Мата таңдау туралы мағлұмат беру.	1	
2	Дипломдық тақырып бойынша таңдалған костюмдерінің мата түр түсін,фактурасы, жайлы ізденіп зерттеу.	Матамен жұмыс.	6	
3	Мата түрлерін таңдау.	Өлшем алу.	6	
4	Дайындау.	Қорытынды.	3	
	II-тоқсан		16 сағат	
1	Таңдалған модельдің мата түрлерін таңдау.	Дипломдық жоба бойынша таңдалған костюмдердің маталарын дұрыс таңдай білу.	3	
2	Таңдалған модельдің мата өрнегін, енін, ұзындығын таңдау	Маталарды ұтымды таңдау.	3	
3	Таңдалған модельдің лекала дайындау.	Лекала дайындау.	2	
4	Таңдалған модельдің маталарын пішуге дайындау	Матамен жұмыс.	2	
5	Шаблон дайындау.	Матамен жұмыс.	2	
6	Дайындау.	Матамен жұмыс.	2	
7	Қорытынды.	Сұраққа жауап.	2	
	III-тоқсан		20 сағат	
1	Таңдалған модельдің сырт келбетін суреттеу.	Дипломдық жоба бойынша таңдалған костюмдерді 60-70 %- да орындап бітіру.	5	
2	Таңдалған модель бойынша жұмыс.	Безендіру.	5	
3	Таңдалған модельдің конструкциялық және технологиялық сызбаларын сызу.	Жұмысты толығымен аяқтау.	5	
4	Машинамен жұмыс.	Қорытынды.	5	
	IV-тоқсан		16 сағат	
1	Таңдалған киім үлгісін аверлог машинамен тігу.	Безендіру.	4	
2	Матамен жұмыс. Біріктіріп тігу.	Жұмыс процессін толықтыру.	3	
3	Таңдалған модельдің конструкциялық және технологиялық сызбаларын тексеру.	ЫЖӨ- ылғалды жылумен өңдеу.	3 3	
4	Жұмыстарды аяқтау.	Қорытынды	3	

Сабақтың тақырыбы: Кіріспе.Таңдалған стильде киім үлгісін дайындау. Алдыңғы артқы бөлікті өңдеу. Өлшем алу.

Лекала дайындау. Шаблон дайындау. Пішу. Машинамен жұмыс

1.42-44 Өлшем бірліктері бойынша жұмыс. Алдыңғы артқы бөлікті өңдеу. Өлшем алу.

Лекала дайындау. Шаблон дайындау. Пішу. Машинамен жұмыс

2.Таңдалған стильде киім үлгісін дайындау Дайын үлгімен, матаны пішу ,лекалаға түсіру, шаблон дайындау.

3.Машинамен жұмыс. Машинамен жұмыс жасау,оқушылармен жұмыс.

Тігін бұйымдарыныңтехнологисы пәні бойынша типтік оқу бағдарламасы

Түсініктеме

«Киім дизайны» бөлімінде оқитын оқушыларға киімге таңдалған материалдарды өңдегенде, бұйымдарды дайындау кезінде материал қасиеттінің өзгеруін білу қажет. Тігін бұйымдарың жасау үдерісі нобайдан басталып, бұйым сызбасын және тігу технологиясын дайындауға дейін көптеген күрделі жолдардан өтеді. Сондықтан киімнің үлгісінің эскизін дайындағанда материалдардың эстетикалық қасиеті, сән бағытымен дұрыс таңдалып қана қоймай, нақты киім силуэтін жасауды қамтамасыз ететін қасиеттерімен, киімді құрастырудың қазіргі уақыттағы дайындау технологиясының мүмкіншіліктеріне өте көп әсер.Жалпы киім ұғымы адамдардың уақытқа және қоғамдық жағдайларға сәйкес сұлулық туралы белгілі бір ұғымын бейнелейтін сәнмен (мода) тығыз байланыста болады. Тігін бұйымдарының технология – пәні бойынша жүргізілетін жұмыстың тәртібі:

1. модельдің эскизімен мұқият танысу
 2. эскизбен сәйкес келуі үшін алдыңғы және артқы бойдың қай
 3. фасондық сызықтар енгізу
 4. пішіндерді қию
 5. киім бөлшектерінің тігілу технологиялық схемасын сызып, схема арқылы тігу.

Оқытушы әрбір сабақтың алдында нақты оқу міндеттерін қоюы қажет: тапсырманың мазмұнын, сипатын, оның ерекшеліктерін, тәсілдері мен сурет салудың бірізділігін түсіндіруі қажет. Адам дене бітімі негізгі үш бөлімнен тұрады(бой биіктігі,кеуде айналымы,мықын айналымы).Бұл үш өлшем – адамның жалпы өлшемі.Киім құрастыру оның сызбасы мен пішілуіне тығыз байланысты.

Оқу- тақырыптық жоспар

Оқу аптасының саны – 34

Апталық сағат саны – 2

Жылдық сағат саны – 68

**Тігін бұйымдарының технологиясы.
0- сынып**

P/c	Тақырыбы	Сағат саны 34 сағат
1.	Кіріспе	1
2.	Қауіпсіздік ережелері	4
3	Тігін бұйымдарының технология – пәні бойынша қысқаша мағлұмат беру	4
4.	Мата туралы мағлұмат беру.	2
5.	Мата туралы жалпы түсінік	2
6	Мата үлгілері	2
7	Мата түрлерімен танысу	2
8	Матаның негізгі қасиеттері	2
9.	Матаны алу жолдары	2
10	Мата жіптерін зерттеу	2
11	Мата туралы ақпарат білу.	1
12	Матаның белгілері	1
13	Матаның оң және теріс беттерін анықтау	2
14	Зертханалық жұмыс	2
15	Иненің нөмірі. Жіптің нөмірі №	2
16	Иненің қауіпсіздік ережелері	1
17	Жібек жіп, кендір жіп	1
18	Қорытынды	1

Бағдарлама мазмұны

Сабақтың тақырыбы: Кіріспе.Қауіпсіздік ережесі. Тігін бұйымдарының технология – пәні бойынша қысқаша мағлұмат беру,қауыпсіздік ережесімен таныстыру.

1.Мата туралы мағлұмат беру. Мата туралы жалпы түсінік. Мата үлгілерімен оқушыларды таныстару.

2.Мата түрлерімен танысу. Матаның негізгі қасиеттерімен танысу.Матаны алу жолдарын білу. Матаның оң және теріс беттерін анықтап оқушыларға түсіндіру.

3.Иненің нөмірі. Жіптің нөмірі № Иненің қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Жібек жіп, кендір жіп атауларын жаттау.

№	Тігін бұйымдарының технологиясы. 1 сынып	Сарамандық жұмыс	Сағат саны.	Мерзімі.
I-тоқсан (16-сағат)				
1.	Кіріспе.	Тігін бұйымдарының түрлерімен және оларды дайындау технологиясымен танысу	1	

2.	Қауіпсіздік ережесін сақтау.	Қарапайым тігін операцияларын үйрену	3	
3.	Мата түрлерімен танысу.	Матаны зерттеу.	3	
4.	Матаны түтеткенде қандай түтін шығады.	Зертханалық жұмыс.	3	
5.	Тігін машиналардың түрлерімен танысу.	Теориялық жазба.	3	
6.			3	
II-тоқсан (16-сағат)				
1.	Машинаның қауіпсіздік техникасы.	Қауіпсіздік ережені сақтауды үйрету.	4	
2.	Иненің нөмірі. Жіптің нөмірі.	Теориялық жазба.	3.	
3.	Тігін машинасы мен жіп сабақтау жолымен танысу.	Практикалық жұмыс.	3	
4.	Жібек жіп, кендір жіп.	Матамен жұмыс.	3	
	Емтихан. Тест сұраққа жауап.		3	
III-тоқсан (20-сағат)				
1.	Терминдік сөздер. Тігістің түрлері.	Теориялық жазба.	2	
2.	Қол тігістің түрлері.	Практикалық жұмыс.	2	
3.	Шет тігіс.	Практикалық жұмыс.	2	
4.	Көркемдік шет тігіс.	Практикалық жұмыс.	2	
5.	Шырыш тігіс.	Практикалық жұмыс.	2	
6.	Кереге тігіс.	Практикалық жұмыс.	2	
7.	Қиғаш тігіс.	Практикалық жұмыс.	2	
8.	Айқас тігіс.	Практикалық жұмыс.	2	
9.	Тышқан із тігіс.	Практикалық жұмыс.	2	
10.	Көктеу.	Практикалық жұмыс.	1	
11.	Екі қайтара көктеу.	Практикалық жұмыс.	1	
IV-тоқсан (16-сағат)				
1.	Машина тігістер. Бүктеу тігістері.	Практикалық жұмыс.	1	
2.	Айыра үтіктелген, қайып тігілген.	Практикалық жұмыс.	1	
3.	Жатқыза үтіктелген, қайып тігілген.	Практикалық жұмыс.	1	
4.	Айырып тігу. Ақ жайма тігістер. Құрыпты тігіс.	Практикалық жұмыс.	1	
5.	Ашық қиықты бастырып тігу. Жабық қиықты тігіс.	Практикалық жұмыс.	1	
6.	Жабық қиықты бастырып тігу.	Практикалық жұмыс.	1	
7.	Ашық қиықты жапсырма тігіс.	Практикалық жұмыс.	1	
8.	Жабық қиықты жапсырма тігіс.	Практикалық жұмыс.	1	
9.	Жабық қиықты бүгіп тігу.	Практикалық жұмыс.	1	
10.	Көмкеріп бүгіп тігу.	Практикалық жұмыс.	1	
11.	Астармен бүгіп тігу.	Практикалық жұмыс.	1	
12.	Жиекті жөрмеп тігу.	Практикалық жұмыс.	1	
13.	Жиікті тігіс. Тесмамен-таспамен көмкеру.	Практикалық жұмыс.	1	
14.	Жай рамкалы. Бүгіп тігу тігісі.	Практикалық жұмыс.	1	
15.	Күрделі рамкалы тігіс.	Практикалық жұмыс.	1	
16.	Емтихан. Көрме, киім үлгілерінің технологиясын тексеру	Көрме өткізу.	1	

Бағдарлама мазмұны

Сабақтың тақырыбы: Кіріспе.Қауіпсіздік ережесі. Тігін бұйымдарының технология – пәні бойынша қысқаша мағлұмат беру,қауыпсіздік ережесімен таныстыру.

Сабақтың тақырыбы:Мата түрлері.Оқушыларға мата түрлерімен таныстыру.

Сабақтың тақырыбы:Матаны зерттеу.Матаны түтеткенде қандай түтін шығатынын,матаны зерттеп түсіндіру.

Сабақтың тақырыбы:Машинаның қауіпсіздік техникасы.Оқушылардықауіпсіздік ережесімен таныстыру.

Сабақтың тақырыбы:Иненің нөмірі. Жіптің нөмірі. Оқушыларды иненің,жіптің номерлерімен таныстырып шығу.

Сабақтың тақырыбы:Тігістің түрлері. Қол тігістің түрлері. Шет тігіс. Көркемдік шет тігіс. Шырыш тігістерін көрсету.

Сабақтың тақырыбы:Машина тігістер. Бүктеу тігістері. Айыра үтіктелген, қайып тігілген, жатқыза үтіктелген, айырып тігу, ақ жайма тігістер, құрыпты тігіс, жабық қиықты бастырып тігу.

Сабақтың тақырыбы:Тесьмамен-таспамен көмкеру. Оқушыларға тесьмамен тігуді үйрету.

№	2-сынып. Тігін бұйымдарының технологиясы.	Сарамандық жұмыс	Сағат саны	Мерзімі.
	I-тоқсан.		24 сағат	
1	Кіріспе.Торлау (ЫЖО) ылғалды-жылулық пен өңдеу.	Қынаманы ылғалды жылумен өңдеу технологиясы	3	
2	Жағасыз мойын ойындысын өңдеу әдіппен.	Әдіпсіз өңдеу тәсілдері.	3	
3	Жағаны мойын ойындысын әдіппен, жиектемемен өңдеу технологиясы.	Әдіпті тігуді үйрену.	3	
4	Жеңсіз бұйымдарды қолтық ойындысын өңдеу.	Әдіппен, қолтық ойындысының формасымен қиылған әдіппен өңдеу.	3	
5	Жеңдерді өңдеу оларды қолтық ойындысына қондыру.	Жеңді киімнің қолтық ойындысына қондыруды үйрену.	3	
6	Жеңнің төменгі қиығын өңдеу, жеңдердің түрлері.	Жеңнің түрлерімен танысу.	3	
7	Жеңнің төменгі бөлігін манжетпен, манжетсіз өңдеу.	Өңдеу. Қайталау.	3 3	
	II-тоқсан.		24 сағат	
1	Қондырма, реглан, жартылай реглан, тұтас пішілген жеңді өңдеу.	Реглан жеңді өңдеу.	3	
2	Көкірекше мен белдемшенің қосылуы, бел сызығын	Көкірекше мен белдемшенің жиек арқылы қосылуы.	3	

	өңдеу.	Көктеу.	3	
3	Көйлектің етегін өңдеу.	Бүгіп тігудің, сапасын тексеру.	3	
4		Ылғалды-жылулықпен өңдеу. Тест сұрақтарға жауап.	3	
		Өңдеу.	3	
		ЫЖӨ.	3	
	III-тоқсан.		30 сағат	
1	Сырт киімнің жинау секциясын ортақ схемасы.	Схемасын сызу.	3	
		Сызу.	3	
2	Сырт киімнің негізгі бөліктерін алғашқы өңдеу.	Қосу, желімдік қатырмалардың түрлерін білу.	3	
		ЫЖӨ	3	
		Өңдеу.	3	
		Жұмысты аяқтау.	3	
		Қайталау.	3	
		Қатырманы ЫЖӨ- арқылы жапсыру.	3	
		Астарын қию.	3	
		Тексеру.	3	
	IV-тоқсан.		24 сағат	
1	Астарды өңдеуге қойылатын талаптар.	Тігу технологиясын үйрену.	3	
2	Сырт киімнің жағаларының түрлері..	Жағалардың өңделуі, жинау тізбектілігі	3	
3	Астарды өңдеу және оны бұйыммен қосу негізгі бөліктерін өңдеу. (ілмек, өңір, ұстағыш).	(ілмек, өңір, ұстағыш).	3	
		Өңдеу.	3	
4	Астарды манжеттеу.	Қиып дайындау.	3	
5	Бұйым астарын, астарлық пен қосып өңдеу технологиясы.	Жапсырмаларды әзірлеу.	3	
6	Киімді соңғы өңдеуден өткізу.	Өңдеу	3	
7	Киім үлгілерінің технологиясын тексеру.	Қорытындылау.	3	

Бағдарлама мазмұны

Сабақтың тақырыбы: КіріспеТорлау (ЫЖӨ) ылғалды-жылулықпен өңдеу Жағасыз мойын ойындысын өңдеу әдіппен, әдіпсіз өңдеу тәсілдерін оқушыларға түсіндіру.

Сабақтың тақырыбы:Жағасыз жағалы мойын.Мойын ойындысын өңдеу әдіппен, әдіпсіз өңдеу тәсілдерін көрсету,жағаны мойын ойындысын әдіппен, жиектемемен өңдеу технологиясын үйрену.

Сабақтың тақырыбы: Жеңсіз бұйымдар. Жеңсіз бұйымдардың қолтық ойындысын өңдеп әдіппен, қолтық ойындысының формасымен қиылған әдіппен өңдеу.

Сабақтың тақырыбы: Жеңдер. Қондырма, реглан, жартылай реглан, тұтас пішілген жең, жеңнің төменгі қиығын өңдеу, жеңдердің түрлерін пішу.

Сабақтың тақырыбы: Белдемшенің жиек арқылы қосылу түрі.

Көкірекше мен белдемшенің қосылуы, бел сызығын өңдеу, көкірекше мен белдемшенің жиек арқылы қосылуы. Көйлектің етегін өңдеуді үйрету.

Сабақтың тақырыбы: Сырт киім. Сырт киімнің жинау секциясының ортақ схемасы сырт киімнің негізгі бөліктерін қосу.

Сырт киім жағаларының түрлері, жағалардың өңделуі, жинау тізбектілігі астарды өңдеу және оны бұйыммен қосу негізгі бөліктерін өңдеуді (ілмек, өңір, ұстағыш) түсіндіру көрсету.

Сабақтың тақырыбы: Астар. Астарды манжеттеу бұйым астарын, астарлықпен қосып өңдеу технологиясы, жапсырмаларды әзірлеу. Киімді соңғы өңдеуден өткізу, киім үлгілерінің технологиясын аяқтау.

№	3-сынып. Тігін бұйымдарының технологиясы.	Сарамандық жұмыс	Сағат саны	Мерзімі.
	I-тоқсан		16-сағат	
1	Кіріспе. Жапсырмалы қалта.	Технологиялық схемасын сызу Бөлшектерін дайындау.	2 3	
2	Қақпақты қалтаны өңдеу.	Технологиялық схемасын сызу Бөлшектерін дайындау.	3 2	
3	Жапырақшалы қалтаны өңдеу.	Өңдеу. Бөлшектерін дайындау. Көктеу.	2 2 2	
	II-тоқсан		16-сағат	
1	Рамкалы (жиекті) қалтаны өңдеу.	Технологиялық схемасын сызу Бөлшектерін дайындау. Тігу. Тігу.	3 3 3 2	
2	Тігісті қалта.	Технологиялық схемасын сызу	3	
3	Тест сұраққа жауап.	Бөлшектерін дайындау.	2	
	III-тоқсан		20-сағат	
1	Шалбардың бүйір қалтасын өңдеу.	Өңдеу Өңдеу	3 3	
2	Шалбардың сыдырмасын тігу.	Қондыру ЫЖӨ	3 3	
3	Шалбардың сыдырма түймелерін тігу.	Тігу. Қатырмаларын жапсыру.	3 3	
4	Шалбардың түрлерімен танысу.	Шалбардың фасондарымен танысу.	2	
	IV-тоқсан		16-сағат	

1	Жан тігісті қалта.	Шалбарға жан тігісті қалта тігу. Тігу.	3 3	
2	Шалбардың белдемшесін өңдеу.	Белдемшесіне қатырмалар жапсыу. ЫЖӨ ЫЖӨ	2 2 2	
3	ЫЖӨ- аяқтау.	Қайталау	2	
	Киім үлгілерінің технологиясын тексеру.	Жұмысты аяқтау.	2	

Бағдарлама мазмұны

Сабақтың тақырыбы: Кіріспе Жапсырмалы қалта өңдеу тәсілдерін оқушыларға түсіндіру.

2.Қақпақты қалтаны өңдеу. Оқушыларға қақпалы қалтаны көрсетіп түсіндіру.

3.Жапырақшалы қалта. Оқушыларға қақпалы қалтаны көрсетіп түсіндіру

4. Рамкалы (жиекті) қалта. көрсетіп түсіндіру

5. Тігісті қалта. көрсетіп түсіндіру

6. Шалбардың бүйір қалтасын өңдеу. Оқушыларға көрсетіп түсіндіру

7. Шалбардың сыдырмасын тігу. көрсетіп түсіндіру

8. Шалбардың сыдырма түймелерін тігу. көрсетіп түсіндіру

9. Шалбардың түрлерімен танысу. Оқушыларға шалбардың түрлерін көрсетіп түсіндіру

№	4-сынып Тігін бұйымдарының технологиясы.	Сарамандық жұмыс	Сағат саны.	Мерзімі.
	I- тоқсан		16 сағат	
1	Кіріспе. Тік жаға.	Схема сызу. Бөлшектерін сызу. Шаблон дайындау.	3 3 2	
2	Жакет, костюм көйлекке арналған жаға.	Жакеттің сызбасын сызу. Жағасын сызу. Бөлшектерін сызу.	3 3 2	
	II-тоқсан		16 сағат	
1	Жакет,көйлекке арналған қайырма жаға.	Схема сызу. Бөлшектерін қию. Қатырманы қию.	3 3 3	
2	Көйлек, блузаға арналған қайырма жаға. Тест сұраққа жауап.	Схема сызу. Бөлшектерін қию. Қатырманы қию.	3 2 2	
	III-тоқсан		20 сағат	
1	Күртеге арналған жаға.	Схема сызу.	3	

		Бөлшектерін қию. Қатырманы қию.	3 3	
2	Ерлер жейдесіне арналған тік қайырма жаға.	Схема сызу. Бөлшектерін қию. Қатырманы қию.	3 3 3 2	
	IV-тоқсан		16 сағат	
1	Ерлер жейдесіне арналған жаға.	Схема сызу. Бөлшектерін қию. Қатырманы қию.	3 2	
2	Блузаға арналған (мотрос) жаға.	Схема сызу. Бөлшектерін қию. Қатырманы қию.	3 2	
3	Көйлек және халатқа арналған, шәлі жаға.	Схема сызу. Бөлшектерін қию. Қатырманы қию.	2	
4.	ЫЖӨ- ылғалды жылумен өңдеу.	Жұмыстарды аяқтау.	2	
	Проектінің технологиялық жобасының сызбаларын тексеру.	Қорытындылау.	2	

Бағдарлама мазмұны

Сабақтың тақырыбы: Кіріспе Жаға түрлерімен оқушыларды таныстыру.

2. Жакет, костюм көйлекке арналған жаға.

3. Қайырма жаға. Оқушыларға жағаның түрлерін көрсетіп түсіндіру.

4. Көйлек, блузаға арналған қайырма жаға. Оқушыларға көрсетіп түсіндіру

5. Күртеге арналған жаға. Оқушыларға көрсетіп түсіндіру

6. Ерлер жейдесіне арналған тік қайырма жаға. Оқушыларға көрсетіп түсіндіру

7.Көйлек және халатқа арналған, шәлі жаға. Оқушыларға көрсетіп түсіндіру

	Тігін бұйымдарының технологиясы	Сағат саны
5-сынып.		
I Жартыжылдық – 32сағат		
1	Кіріспе.	1
2	V сынып міндеттері туралы пікірлесу.	2
3	Сызба нұсқасы мата бетіне түсіру	6
4	Сызбалардың өлшемін қағаз бетіне түсіру.	6
5	Нобайлар салу	6
6	Матамен жұмыс	6
7	Үлгілерді пішу	4
8	Қорытынды.	1
II Жартыжылдық – 36 сағат		

9	Таңдалған киім үлгісін матаға түсіру	8
10	Киімге арналған жағаны өңдеу	6
11	Сызбаларды шаблондарды мата бетіне түсіру	9
12	Киімді машинамен бастырып тігу	12
13	Қорытынды	1

Бағдарлама мазмұны

Сабақтың тақырыбы: Кіріспе. Мата түрлерімен танысу. Өлшемдерді қайталау. Конспек жазу.

2. Сызба нұсқасы мата бетіне түсіру. Қағаз бетіне сызба нұсқаларын салу.

3. Сызбалардың өлшемін қағаз бетіне түсіру. Өлшеп, сызу.

4. Нобайлар салу. Сызбаларды лекала бетіне сызу.

5. Матамен жұмыс. Өлшемдерді өлшеу. Үлгілерді модельдеу.

6. Үлгілерді пішу. Бастырып сызуды үйрету.

7. Таңдалған киім үлгісін матаға түсіру. Өлшемдерді алып, лекала бетіне сызып. Өңдеу. Салу.

8. Киімге арналған жағаны өңдеу. Еркін тақырыпта орындау. Лекалаға түсіру.

9. Сызбаларды шаблондарды мата бетіне түсіру. Жұмыстарды тексеру. Шаблондарды реттеу.

10. Киімді машинамен бастырып тігу. Өңдеу, пішу. Жұмыстарды тексеру. Шаблондарды реттеу. Жұмысты аяқтау.

Сурет пәні бойынша типтік оқу бағдарламасы

Түсініктеме

«Көркем сурет» пәні бойынша оқу бағдарламасы білімнің мазмұнын, игеруге жататын қызметтің білімінің, машықтарының, тәсілдерінің қажетті көлемін анықтайды және оларды 6 оқу жылына бөледі. Бағдарлама оқу деңгейлеріне және ақырғы нәтижеге, яғни бастапқы көркемдік білімге қол жеткізуге сәйкес келетін күзиреттілік (оқу жетістіктері) жүйесін құру арқылы оқушылардың өз бетінше шығармашылық қызмет етуге дайындығын қалыптастыруға бағытталған.

Бұл бағдарламаның басты міндеттері оқушыларда ұлттық және әлемдік мәдениеттерді түсінуде және меңгеруде қажеттілікті дамыту, эстетикалық мұраны өз бетінше тануға ұмтылыс болып табылады, Өзінің дербестігін түсіну, тұлғалық өзіндік даму және өзін-өзі анықтау, өз бетінше көркемдік білім алу қажеттілігі мен қабілеттілігінің болуы, көркемдік өмір құбылыстарына қызығушылық таныту. Сонымен қатар қызығушылық танытқан тақырыптар бойынша көркемдік технологияларды жаңадан өз бетінше зерттеу үшін бұрын алынған түсініктерді жалпылай білу.

Оқытушы жаттығу барысын оқушыларда тану, коммуникативті, практикалық және шығармашылық қызметті қалыптастыруға бағыттайды. Оқу барысында балаларда байқағыштық, шығармашылық елес-қиял және өзінің бай мүмкіндіктерімен графиканың бейнелік түсінігі дамиды.

Оқудың барлығы жасына қарай қол жетімді формада тұлғалық-бағытталған мұғалімика идеяларын көрсету керек. Сабақтар оқушылардың елес-қиялын оятып, дербес шығармашылық қабілеттіліктерді дамытып, қызықты және еліктіретін түрде өтуі тиіс. Оқытушы өз бетінше шығармашылық жұмыс істеу үшін айқын және анық бірізділікпен балаларға қажетті оқу ақпаратын беру керек. Сұрақтар мен жауаптар түріндегі диалог қарым-қатынас кез-келген көркем сурет үсті жұмыстың негізінде затты өз бетінше, саналы түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Затты зерттеу процесі бейнелеу тілінің барлық элементтерінің бөлінбейтін байланысында құрылады: конструктивті суреттің композициясы, тондық, пластикалық және кеңістікті қарым-қатынастар.

«Формат», «пропорциялар», «ырғақ», «тондық қарым-қатынастар» түсінігін ұғына отырып, оқушылардың жұмыс жүргізудің жалпыдан жекеге және содан кейін – қайтадан жалпыға жүйелілігін мегергені маңызды.

Оқудың барлық курсы ішінде оқушылардың көркем суреттеріне өз бетінше және ойланып өз алдына міндеттерді қоя білуіне, форматты, материалды таңдауға, бейненің мәнерлілігіне ұмтылуға, тиісті орындау техникасын пайдалануға жеткізу қажет.

Оқу- тақырыптық жоспар

Оқу аптасының саны – 34

Апталық сағат саны – 2

Жылдық сағат саны – 68

I жартыжылдық

№	Тақырып	Практикалық тапсырма	Сағаттар саны
I	Кіріспе сабақ – 3 сағат.	Оқу Материалдары қабылдау. 1. Сызықтардың түрлі түрлерінің бейнелеріне жаттығулар. 2. Қарапайым өсімдік формаларының сызықтық көркем суреті (жапырақтардың, бұталардың).	1 сағат 1сағат
II	1. Штрих, дақ, нүкте туралы түсінік. штрихтау түрлері. Тон туралы түсінік.	1. Түрлі бағыттардағы штрихтармен, дақтармен, нүктелермен жаттығулар. 2. Тондық созуға жаттығулар.	2сағат
III	Сызықтықперспектива	Көкжиек сызықтарына қатысты әртүрлі жағдайдағы, түрлі ракурстардағы қарапайым геометриялық денелердің суреттемелері (сымды конструкциялар).	2 сағат
IV	Суретті салу жүйелілігі. Жарық көлеңкесі	Натюрморт көркем сурет1-геометриялық гипс заттардан. Құрастыру және құрылымы. Тонда жұмыс істеу. Бөлшектеу және жалпылау.	2 сағат 2 сағат 2сағат

V	Сызықтық перспектива туралы білімдерді бекіту	Формасы жағынан геометриялық денелерге ұқсайтын тұрмыстық заттардың қысқа мерзімді суреттемелері.	2сағат
VI	Көркем суреттегі тондық контраст	Натюрморттың ұзақ мерзімді суреті контрастілі аядағы 2- контрастілі тұрмыстық заттардың. 1. Құрастыру. Перспективада натюрморттың конструктивтік шешімі, пропорцияларды жеткізу. 2. тондағы жұмыс. 3. Жалпылау. Жұмысты аяқтау.	2 сағат 4 сағат 2сағат
VII	Жұмсақ материалмен танысу	Құс тұлыбының суреттемесін (2- жағдайда болғаны жақсы) жұмсақ материалмен жасау.	2 сағат
VIII	Натюрморттың ұзақ мерзімді суретібейтарап аядағы 1-2 қиын емес тұрмыстық зат.	1. Натюрморттыформатта құрастыру. Заттардың конструктивтік құрылымы. 2. Көркем суретте тондық қарым- қатынастарды жеткізу және сараптау. 3. Тондық бөлшектеу. 4. Жалпылау. Көркем суретті аяқтау.	2сағат 2 сағат 2сағат 2 сағат

II жартыжылдық

IX	Суреттемелер – 6 сағат. Түрлі графикалық материалдармен жұмыс істеудің техникалық тәсілдері.	Натураның әртүрлі материалдарымен үйдегі дағдылы заттардың суреттемелері. 1. Көмірмен, сангинмен, тұздықпен суреттеме салу. 2. тушьпен және қауырсынмен, гель қаламмен, фломастермен салынған суреттемелер.	2сағат 2сағат
X	Заттардың конструкциясы және оның ерекшеліктері	Натюрморттың ұзақ мерзімді суреті формасы мен комбинациясы бойынша геометриялық денелерге ұқсас 2-3 зат. . Заттарды құрастыру және натюрморттың құрылуы. . Заттардың көлемдерін штрихтеу мен жеткізу. . Жұмысты аяқтау.	2сағат 4 сағат 2 сағат
XI	Көлемді форманы жұмсақ материалмен жеткізу қағидаты	Натюрморт суретіқұстың тұлыбымен 1- 2 тұрмыстық затпен (көмір, сангин, пастель). 1. Заттарды құрастыру және натюрморттың конструктивті шешімі. 2. Натюрморт көлемдерін тондық жапсыру.	4 сағат 2 сағат
XII	Табиғи формалардағы конструкциялардың аралуандылығы	Ағаш бұтақтарының, бөлме және құрғақ өсімдіктердің суреттемелері.	2сағат

XII I	Шығармашылық көркем сурет	Таңдалған стильде орындалған бірнеше заттан (1-2) жасалған натюрморт көркем суреті, орындаудың стилін және техникалық тәсілдерін таңдау. Құрастыру, натюрморттың сызықтық шешімі. Натюрморттың тондық модельдеуі. Жұмыстыаяқтау. Тондық бүтінділікті және стильдер бірлігін жеткізу.	2сағат 2сағат 2 ағат
XI V	Натюрморттың ұзақ мерзімді көркем суреті, тоны жағынан контрастілі, үй әбзелдерінің 2 заты, қыртыстарсыз бір тонды матамен қапталған аяда.	Натюрмортты құрастыру, заттардың құрылымы. натюрмортта көлеңкелерді модельдеу. Жартылай тондарды модельдеу. Заттардың көлемдерін жеткізу. жалпылау. Жұмыстыаяқтау. Көркем суреттердің сараптамасы.	2сағат 4 сағат 2сағат 2сағат

1 сынып

Оқу- тақырыптық жоспар

Оқу аптасының саны – 34

Апталық сағат саны – 3

Жылдық сағат саны – 102

№	Тақырыбы	Сарамандық тапсырмалар	Сағаты саны
1	Кіріспе сабақ. Сызықтың маңызды бейнелеу құралы туралы түсінік.	Оқу материалдарын қабылдау Сызықтардың әр түрлі түрлерін бейнелеу жаттығулары. Қарапайым өсімдік нысанының сызықтық суреті (жапырақтар, бұтақтар)	1 2
2	Штрих, нүкте, дақ туралы түсінік. Штрихтау түрлері Түс түрлері		1 1 1
3	Жазықтықтағы перспективаның көлемді бейне ретінде түсінік. Төртбұрыштың перспективасы, айнала перспективасы. Қарсы алдындағы және бұрыштық перспективалар, горизонт сызығы, жиын орны.	Қарапайым геометриялық тұлғаларды әр түрлі түрде бейнелерді салу.	2 2

			2
4	Конструктивті құрылым туралы түсінік. Суреттің негізгі және қосымша сызықтары. Ала көлеңкелі және оның дәстүрлері туралы түсінік	Геометриялық гипстен жасалған натюрморттың суретін салу. Құрастыру және салу. Түспен жұмыс жасау. Нақтылау және жинақтау.	3 3 3
5	Әр түрлі көзқараспен қараған қарапайым бейнелердің перспективалары	Әр түрлі бұрышынан қараған геометриялық пішіндерге ұқсас қарапайым тұрмыстық заттарды қысқа мерзімде салу.	3
6	Жұмсақ материалдармен жұмыс жасаудың ерекшеліктері. Олардың түрлері мен қасиеттері.	Жұмсақ материалдан жасалған құстардың суреттерін бейнелеу	3
			27 сағ.

II тоқсан			
1	Пластикалық нысанда натюрморттың мәнерлігі және оларды суретте қолдану. Қарама қарсы түсті 2 заттан тұрған натюрморттың ұзақ суреті.	Құрастыру. Натюрмортты перспективасын шешу, пропорция беру. Түспен жұмыс жасау Жинақтау. Жұмысты аяқтау.	3 3 3
2	Нейтралды нысанда тұрмыстық екі оңай заттан тұратын натюрмортты ұзақ түрде салу.	Форматта натюрмортты құрастыру. Заттарды конструктивті түрде құру. Суреттегі түстік қатынастарды талдау және беру. Түстік шешім. Жинақтау және қорытындылау.	3 3 3 2
3	Сынақ сағаты		1
			21 сағ.

III тоқсан			
1	Тұрмыста қолданылатын әр түрлі материалдармен заттарды суреттеу.	Көмірмен, соуспен, сангинамен суреттеу. Тушьпен және қылқаламмен, гелді қаламмен, фломастермен суреттеу.	3 3
2	Геометриялық тұлғалардың комбинациясының нысана бойынша 2 – 3 заттардан тұратын натюрмортты ұзақ түрде суреттеу.	Заттарды құрастыру және натюрмортты орналастыру Заттар штрихтарының көлемдерін беру Жұмысты аяқтау	3 6 3

3	2 – 3 заттардан тұрат тұлып құс қойылған натюрморт салу. (көмір, сангина, пастель)	Затты конструктивті орналастыру Түстік шешім. Натюрмортқа көлем беру.	3 3 3
4	Табиғи нысандағы конструкторлардың әр түрлігі.	Ағаштардың, бұтақтардың, бөлмедегі құрғақ өсімдіктерді суреттеу.	3
			30 сағ.

	IV тоқсан		
1	Таңдалған стильде орындалған бірнеше заттардың натюрморттарын салу.	Стильді және орындаудың техникалық тәсілдерін таңдау. Натюрмортты түстік модельдеу. Жұмысты аяқтау. Түстік тұтастықты және бырыңғай стильді беру	3 3 3
2	Бір түсті матадан тұратын 3 затының бірін қарама - қарсы түспен салынатын ұзақ мерзімді натюрморт	Натюрмортты құрастыру, заттарды орналастыру. Натюрмортта түстерді үлгілеу. Күнгірт түсті үлгілеу. Заттардың көлемін беру. Жинақтау. Жұмысты аяқтау. Суреттердің талдамасы.	3 3 3 2
3	Сынақ сағаты		1

Бағдарлама мазмұны

I. Тақырып: Кіріспе сабақ

«Сурет» жайлы түсінік қалыптастыру. Графикалық материалдардың ерешеліктерімен танысу.

II. Тақырып : Штрих, нүкте, дақ туралы түсінік. Штрихтау түрлері. Түс түрлер. Рең туралы және графикалық материалдардың мүмкіншіліктері туралы түсінік беру.

III. Тақырып : Жазықтықтағы перспективаның көлемді бейне ретінде түсінік.

Сызықтық перспективаны үйрену және қолдануын дамыту.

IV. Тақырып : Конструктивті құрылым туралы түсінік. Суреттің негізгі және қосымша сызықтары. Ала көлеңкелі және оның дәстүрлері туралы түсінік

Сурет жүргізу салдары жайлы түсінік қалыптастыру. «Жарықкөлеңке» түсінігін білу, практикалық тұрғыда пайдалану.

V. Тақырып: Сызықтық перспектива туралы білімді

қорытындылау. Заттардың конструктивті ерекшеліктерін, пропорцияларын, тұрғылықты заттардың суреттегі перспективасын тану.

VI. Тақырып : Жұмсақ материалдармен жұмыс жасаудың ерекшеліктері. Олардың түрлері мен қасиеттері.

Жұмсақ материалдың техника жұмысы және жұмыс дағдысын алу.

I. Тақырып :Пластикалық нысанда натюрморттың мәнерлігі және оларды суретте қолдану.

Стилизацияның негізгі қабылдауыштарын тану. Пластикалық нысанада натюрморттың мәнерлігі мен оларды суреттеу техникалық қабылдауды тану.

II.Тақырып : Нейтралды нысанда тұрмыстық екі оңай заттан тұратын натюрмортты ұзақ түрде салу

Мақсаты: Заттардың кеңістегі конструкциясын түсіне білу және жұмыс қағидаларымен танысу.

III. Тақырып : Сынақ сағаты

Оқу-танымдық және практикалық тұрғыда жинаған білімдерін қорытындылау.

I.Тақырып:Тұрмыста қолданылатын әр түрлі материалдармен заттарды суреттеу.

Жұмсақ материалдармен сурет салу кезінде техникалық әдісті және дағдыларын жақсартуды үйрену.

Қорытынды: Сабаққа қатысқан оқушылар бағаланды

II. Тақырып: Геометриялық тұлғалардың комбинациясының нысана бойынша 2 – 3 заттардан тұратын натюрмортты ұзақ түрде суреттеу.

Заттардың кеңістегі конструкциясын түсіне білу және жұмыс қағидаларымен танысу.

III. Тақырып:2 – 3 заттардан тұрат тұлып құс қойылған натюрморт салу. (көмір, сангина, пастель)

Заттардың кеңістегі конструкциясын түсіне білу және жұмыс қағидаларымен танысу.

IV. Тақырып:Табиғи нысандағы конструкторлардың әр түрлігі.

Табиғи пішінді суреттердегі графикалық материалдардың мүмкіншіліктері және қосылымы, сонымен қатар жұмыс барысындағы қабілеттерін жетілдіру.

I.Тақырып:Таңдалған стильде орындалған бірнеше заттардың натюрморттарын салу

Заттардың кеңістегі конструкциясын түсіне білу және жұмыс қағидаларымен танысу.

II.Тақырып:Бір түсті матадан тұратын 3 затының бірін қарама - қарсы түспен салынатын ұзақ мерзімді натюрморт

Мата жиырылуының суретін салғандағы ренді және конструкциялық анализді танудың ерекшелігі. Жиырылу моделировкасында «штрих өнері» дағдыларын үйрету.

III.Тақырып:Сынақ сағаты

Оқу-танымдық және практикалық тұрғыда жинаған білімдерін қорытындылау.

2 сынып

тақырыптық жоспар

Оқу аптасының саны – 34

Апталық сағат саны – 3

Жылдық сағат саны – 102

№	Тақырыбы	Сарамандық жұмыс	Сағаты саны-
I тоқсан			
1	Кіріспе сабақ	Адамның бейнесін бейнелеу	3
2	2 – 3 гипстен жасалған геометриялық фигураларды бейнелеу	1.Құрылымы мен құрылысы 2. Жарық көлеңкесін анықтау. 3. Жұмысты аяқтау	3 3 3
3	Жеміс- жидектер, жапырақтар,3-4 заттан тұратын натюрморт (сангина,уголь,пастель)	1.Жеке детальдау 2.Жарық көлеңкесін анықтау. 3.Жұмысты аяқтау	6 3 6
			27 сағ.

II тоқсан			
1	Ілініп тұрған матадағы қатпарларды бейнелеу	1.Схема бойынша драпировканы бейнелеу 2. Жарық көлеңкесін белгілеу 3. Үлкен түс- рең қатынастарын анықтау. 4. Жұмысты толығымен аяқтау	3 3
2	Әр түрлі фондағы үш заттан тұратын натюрморт	Натюрморттың конструктивтік құрылымы. Жеке детальдау . Үлкен түс- рең қатынастарын анықтау. Жарық көлеңкесін белгілеу Жұмысты толығымен аяқтау	3 3 3 3 2
3	Сынақ сағаты		1
			21 сағ.

III тоқсан			
1	Интерьердегі сызықты және ауа перспективасы(үстел, орындық, бөлме гүлі т.б. салу	1.Бөлме перспективасының құрастыру. 2.Үлкен түс қатынастарды анықтау. Жинақтау	3 3 6
2	Киімдегі адам бейнелерін салу	1.Сәнді үлгідегі әйел бейнесін салу. 2.Сәнді үлгідегі ер адамның бейнесін салу.	3 3
3	Адамның басын бөлшектеп бейнелеу	Көз Құлақ Мұрын Ауыз	3 3 3 3
			30 сағ

IV тоқсан			
1	Жерде орналасқан үлкен заттардан	1.Құрылымын табу 2.Жеке детальдау	1 2

	құралған композициялық натюрморт.	3.Жарық көлеңкесін анықтау 4.Жұмысты аяқтау	3 3
2	Ұзақ салынатын гипстік разетка.	1.Құрылымын табу 2.Жеке детальдау 3.Жарық көлеңкесін анықтау 4.Түстерін анықтау	3 3 3 3
3	Этюд жазу		2
4	Сынақ сағаты		1
			24 сағ.

Бағдарлама мазмұны

I. Тақырып I: Кіріспе сабақ.

Осы курстағы пән талаптарының қиындауын білу. Адам пішінін салу барысындағы жұмысты дағдыланыру және білу.

I. Тақырып II: 2 – 3 гипстен жасалған геометриялық фигураларды бейнелеу

Сурет салушының көріп тұрған нүктесіне байланысты сызықтың перспективаны және перспективалық қысылымдарды қолданудағы дағдылары білімдерін қорытындыау.

II. Тақырып III: Жеміс- жидектер, жапырақтар,3-4 заттан тұратын натюрморт

Жұмсақ материалдармен сурет салу кезінде техникалық әдісті және дағдыларын жақсартуды үйрену

III. Тақырып I: Ілініп тұрған матадағы қатпарларды бейнелеу

Көлемді конструкция негізіндегі мата жиырылуы. Жиырылымның негізгі типтері (цилиндірлік, коникалық). Мата жиырылуындағы жарықкөлеңке. Мата жиырылуының пішінінің модельдеуіндегі жай геометриялық денелер және мерекелік принципті қолдану.

IV. Тақырып II: Әр түрлі фондағы үш заттан тұратын натюрморт

Жұмсақ материал сипаттайтын заттардың көлемі және пішін әртүрлігі. Жарықкөлеңке градациясына байланысты жұмсақ материалдың түсі мен реңкінің байланысы.

V.Тақырып III: сынақ сағаты

Сынақ жұмысының негізгі талаптары. Драпировка жиырылуының заттар қойылымның берілуі кезіндегі бірлестігіндегі горизонтальді және вертикальді перспективасының қысқарылуы.

VI. Тақырып I: Интерьердегі сызықты және ауа перспективасы

Бөлме интерьерінің сызықтық перспективасы. Сурет салушының көз нүктесіне байланысты бөлме интерьерінің суреттегі қысылуы перспективасы, сызықтық горизонты, қосылу нүктелері.

VII. Тақырып II: Киімдегі адам бейнелерін салу

Адам денесінің негізгі пропорциялары. Бастың, дене бітімінің және аяқ-қолдардың конструктивті ерекшеліктері. Ракурсқа байланысты дене салудағы перспективалық қысылу.

VIII. Тақырып III: Адамның басын бөлшектеп бейнелеу

Адам басының негізгі пропорциясы. Ракурсты ескере отырып адам басының конструкциясының құрылысының келесілігі.

IX. Тақырып I : Жерде орналасқан үлкен заттардан құралған композициялық натюрморт.

Үстіден қадағалау кезіндегі сызықтық перспективаның құрылымы.

X. Тақырып II: Ұзақ салынатын гипстік разетка.

Үстіден қадағалау кезіндегі сызықтық перспективаның құрылымы.

XI. Тақырып III: Этюд жазу

Жұмсақ материал сипаттайтын заттардың көлемі және пішін әртүрлігі.

Жарықкөлеңке градациясына байланысты жұмсақ материалдың түсі мен реңкінің байланысы.

XII. Тақырып IV: Сынақ сағаты .

Негізгі емтихан жұмысына қойылатын талаптар. Оюлы рельефін және қосылғыш плитканың сызықтық перспективасы.

Оқу- тақырыптық жоспар

Оқу аптасының саны – 34

Апталық сағат саны – 4

Жылдық сағат саны – 136

I жартыжылдық 5 сынып

№	Тақырып	Практикалық тапсырмалар	Сағаттар саны
I	Кіріспе сабақ – 4 сағат. 1. 5 сынып сурет тапсырмалары жөнінде әңгімелесу. 2. Тез жасалатын нобайларды жасаудың әртүрлі тәсілдері.	1. Материалды қабылдау. 2. Біржәнекөпфигуралынобайл аржәнекүрделідинамикадағы киінген адам фигурасының суреті.	1 сағат 3 сағат
II	Жұмсақ материалмен гипстен жасалған күрделілік деңгейі орташа бастың ұзақ мерзімді суреті.	1. Форматтағы бастың тұтастырылуы. Бастың және оның детальдарының, сызықтық перспективасын ескере отырып, конструктивті моделдеу. 2. Жарық-көлеңкенің негізгі үдемелерін моделдеу. 3. Сурет жұмысын аяқтау.	4 сағат 4 сағат 4 сағат
II I	Артқы планында гипстік маскасы бар 4-5 заттардан натюр-морттың ұзақ мерзімді суреті.	1. Форматтағы натюрморттың тұтастырылуы, қойылым заттарының егжей-тегжейлі конструктивтік моделдеуі. 2. Жарық-көлеңкенің қара үдемелерімен жұмыс. Қойылымның жартылай түстерімен жұмыс. Түстік детальдау. 3. Жалпылау. Натюрморт суретінің тұтастылығын жеткізу.	8 сағат 8 сағат 4 сағат
I	Күрделі бүрмелі перденің	1. Капительдің тұтастырылуы.	8 сағат

V	фонында, көкжиек сызығынан жоғары қойылған капительдің ұзақ мерзімді суреті	Капительдің негізгі көлемдерінің құрылысы, сызықтық перспективаны ескерумен. 2. Қойылымның конструктивтік детальдауы. 3. Капительдерге және перделерге түсетін жарық-көлеңкенің қара үдемелерін моделдеу. 4. Жартылай түстерді моделдеу. 5. Жұмысты жалпылау және аяқтау.	4 сағат 4 сағат 8 сағат 4 сағат
---	--	---	--

II жартыжылдық

V	Күрделі ракурстағы, бір форматтағы, екі бұрылыстағы натурашы басының суреті.	1. Бастың тұтастырылуы, пластикалық схеманың моделдеуі. Суреттің түстік масштабын таңдау (1-ші қалыптағы). 2. Суреттің түстік моделдеуі. Детальдау, жалпылау. 3. Натурашы басының конструктивті моделдеу (2-ші қалыптағы, бастың екі суреттерінің өлшемдері бір-біріне сәйкес келуі). 4. Жұмысты аяқтау. Екі суреттердің түстік және композициялық бірлігі.	4 сағат 4 сағат 4 сағат 4 сағат
